

"ОТЫРАР" МЕМЛЕКЕТТІК АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ" РМҚК

ХАТТАМА №01

Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі түсіндіру іс-шарасы туралы

Өткізу күні: «12» ақпан 2025 жыл

Уақыты: :11:00

Өткізу орны: "Отырар" мемлекеттік археологиялық музей-қорығы" РМҚК мәжіліс залы

Қатысқандар саны: 35 адам

Төрағалық етуші: Ғылыми ісі жөніндегі орынбасар Е.Т.Шоқай

Хатшы: Комплаенс офицері А.Б.Әметбекова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау жөнінде ақпарат беру.
3. Мүдделер қақтығысының алдын алу, этикалық нормалар мен шектеулерді түсіндіру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Комплаенс офицері А.Б.Әметбекова – Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жауапты тұлға Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі ережелеріне тоқталып өтті.


Қатысушыларға төмендегідей маңызды мәселелер түсіндірілді:

- Мемлекеттік қызметшілер мен мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыру қажеттілігі;
 - Қызметтік әдеп кодексінің талаптары;
 - Сыйлық, материалдық сыйақы, қызмет түріндегі артықшылықтарды қабылдауға тыйым салынатыны;
 - Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда хабарлау тәртібі;
 - Құпия немесе қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдалануға жол берілмейтіні.
-

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:


1. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында түсіндіру және алдын алу жұмыстарын тұрақты түрде жалғастыру.
2. Барлық құрылымдық бөлімшелерге қызметтік әдеп нормалары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер туралы ішкі нұсқаулықтармен толық танысып шығу жүктелсін.
3. Келесі тоқсанда ішкі бақылау нәтижелері бойынша қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында қосымша семинар ұйымдастырылсын.

Төраға:



Е.Т.Шоқай

Хатшы:



А.Б.Әметбекова